

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Әлеуметтік даму министрлігі
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс



Орындаған: Бейсен Б

Тобы: ЖМ-107а

Қабылдаған: Еркінбекова Ә.С

Шымкент-2016

“Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс” картасы



Ескерту: 1916 жылы болған барлық уақиғалар дәлсіздікпен азайып көрсетілмеген

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың хронологиялық кестесі

Себебі	1916 жылы 25 маусымдағы 19-43 жас арасындағы Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мың адамды жұмысқа алу туралы патша жарлығы		
Жарғыдан кейінгі жағдайы	Далада «біреуі жұмысшылар бергісі келмейтін... екіншісі бұйрықты орындауға келісетін екі партия құрылды»	Интеллигенция	Либерал-демократиялық (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов т.б): көтеріліске шығуға қарсы болды; отарлық империяға парасатты ымыраластық тактикасын ұсынып, халықтың этникалық тұтастығын ойлады. Революцияшыл-демократиялық (Т. Рысқұлов, Т. Бокин, Ә. Майкөтов, көтерілісті жақтап, өздері де қатысты)
Көтеріліс болған жерлер	Бүкіл Қазақстан: негізгі екі ірі орталығы - Жетісу мен Торғай		
Сипаты	Империализмге, отарлық езгіге қарсы		
Қозғаушы күштері	Шаруалар мен қолөнершілер және қазақ жұмысшылары, жетекші күші-демократиялық интеллигенция өкілдері мен байлар, болыс басқарушылары		
Басшылары	Жетісуда: Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ж. Мәмбетов, Ұ. Саурықов, А. Қосақов Торғайда: А. Иманов, Ә. Жангелдин, Ә. Жанібосынов, К. Көкімбаев		
Көтерілісшілердің алғашқы күрес түрі	Отарлауға дейінгі мемлекеттік басқару жүйесін қалпына келтіріп, әкім (елбегі), сот алқасы (жасакшы), қазына билеушісі (қазынашы), өскер басшысын (сардарбек) сайлайды. Қара жұмысқа алынғандардың тізімін жойып жіберді, салық тілхаттарын құртып, болыс ауылдарын тонады		
Қара жұмыстан босатылғандар	Басқармалардан лауазымды адамдары, Жергілікті бұратаналардан шыққан төменгі полициялық шенділер, Имамдар, молдалар, мүдәрістер, Ұзақ пәсіе мекемелеріндегі есепшілер мен бухгалтерлер, Оқу орындарындағы оқушылар, Үкіметтің мекемелерінде жоғары лауазымды қызмет атқаратын бұратаналар.		
Басқа ұлт өкілдерінің қатысуы	И. Долматов және Д. Федотов қырғыздарды бұратаналардың тізімін шығармауға шақырады. Жетісуда Демко, П. Аркадьев т.б. көтеріліске қатысушылардың үйлерінде жасырды. Торғайда Н. Кротов соғыс ісі шеберлігіне үйретті. Е. Курев Қарқарадағы көтерілісшілердің шағын тобын ұйымдастырды. С. Вербицкая көтерілісшілер қатарында шайқасты. С. Ужгин «Қарабалықтағы оқиғалар» атты прокламацияда көтерілісті тоқтатпауға шақырды.		
Жеңілу себептері	Бытыраңқылығы. Қару-жарақтың нашар өрі жеткіліксіз болуы. Ұлтаралық және руаралық қақтығысты пайдалануы. Саны аз пролетариаттың елеулі ықпал жасай алмағандығы. Біртүтас басшылықтың болмауы. Ұлттық-демократиялық зиялылар қатарында бірліктің болмауы. Даланың бетке ұстарларының (бай, батыр, қазы) дөйектілік, батырлық көрсетпеуі.		
Тарихи маңызы	Қазақ халқының таптық, революциялық сана-сезімі өсті. Мылдаған көтерілісшілер патша самодержавиясына қарсы қарулы күрес мектебінен өтті. Отарлық езгідегі ұзақ жылдар ішіндегі ұлттық мүдденің ортақтығын тұңғыш рет ұғынды. Өздерін отаршыл экспансияға қарсы күрес жүргізе алатын күш деп сезінді.		



Революцияшыл-демократияшыл топ өкілдері:
Ә.Жангелдин, А.Иманов, Т.Бокин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов,
С.Меңдешов, Б.Алманов, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов қара
жұмысқа алудан бас тартып, халықты көтеріліске
шақырды.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС БАСШЫЛАРЫ



Иманов Амангелді Үдербайұлы (1873–1919) – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, Кенесары Қасымовтың үзеңгілес серігі Иман батыр Дулатұлының немересі. Бұрынғы Торғай уезі Қайдауыл болысында туған. Амангелді әуелі ауыл молдасынан 2 жыл оқып, кейін Тасыбай, Тәшмағамбет ишандардың медресесіне түсті. Медреседе 4 жыл оқыған ол түрік, парсы, араб тілдерін меңгерді. Ел ішіндегі даушарға ерте араласып, сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілерінің қудалауына ұшырап, 1896–1911 жж бірнеше рет түрмеге қамалды.

Амангелді батырдың ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Ресей императорының маусым айындағы жарлығына наразылық ретінде Торғай даласында бұрқ еткен ұлт-азаттық көтеріліс барысында айқын көрінді. 2–3 ай ішінде елеулі күшке айналған көтерілісшілер Қоғалыкөлде бас қосып, Әбдіғапар Жанбосыновты хан, Амангелдіні көтеріліс қолбасшысы (сардар) етіп сайлады. Әбдіғапар мен Амангелдінің ұйымдастырушылық іскерлігінің нәтижесінде көтеріліс саяси сипат алды және әскери ұйымдық жағынан нығайып, оған қатысушы сарбаздар қатары 50 мың адамға жетті. Амангелді Торғай қаласын 27 күн бойы қоршауға алды. Ол көтерілісшілердің Шошқалы, Күйік қопаларындағы шайқастарына, подполковник Тургеневтің жаракты үлкен жасағына қарсы 1917 жылы ақпанның 21–23-індегі Құмкешу, Доғал-Үрпектегі соңғы айқасына тікелей басшылық жасады. Жазалаушылар Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісті тұншықтыра алмады. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне жалғасты. Амангелді 1918 жылы наурыздың 21-і мен сәуірдің 2-і аралығында Орынборда өткен Торғай Кеңестерінің тұңғыш съезіне қатысып, Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды. 1919 жылы сәуірдің 20-ында Торғайда Кеңес өкіметі құлап, Амангелді тұтқынға алынып ату жазасына кесілді.

Мәйіті бір жылдан кейін әуелі Алакөлге, кейін аудан орталығына әкелініп жерленді. 1939 жылы «Ленфильм» киностудиясы «Амангелді» фильмін түсірді. Бұл көркемөнер туындысы қазақтың тұңғыш дыбысты фильмі болды. Амангелдінің ерлікке толы ғұмыры көптеген ақын-жазушылардың, суретшілер мен композиторлардың шығармаларына арқау болған.



Тоқаш Бокин (1890–1918) – Жетісудағы 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. Бұрынғы Жетісу облысының Верный уезінде көшпелі кедей шаруа отбасында дүниеге келді. 1898–1906 жылдары Верный қаласындағы ерлер гимназиясында білім алды. Одан соң 1914 жылға дейін Верный уезінің сот органдары мен қоныс аудару басқармасында тілмәш болды.

1913 жылы Верный қаласында өзінің 1802 сөзді қамтыған қазақша-орысша сөздігін шығарды. 1914–1916 жылдары Санкт-Петербург қаласында сот палатасында жұмыс істеді. Осы кезеңде ол патша үкіметіне қарсы түрлі саяси ұйымдардың бағдарламаларымен танысады. 1916 жылы елге оралған Т. Бокин қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу ошағы жетекшілерінің бірі болды. Ол қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар, дүнгендер арасындағы үгіт жұмысына басшылық жасады, соғыстың халыққа қарсы сипатын түсіндіріп, патша жарлығын орындамауға шақырды. 1917 жылы большевиктер басқарған саяси күштермен жақындасып, Жетісу облысында Кеңес өкіметін орнатуға ат салысты. Ол 1918 жылы қаңтардың 2–13-і аралығында Верный қаласында өткен Кеңес өкіметін орнатуды жақтаған Жетісу облыстық шаруалар депутаттарының 2-ші съезіне қатысты, одан соң Жетісу соғыс революциялық комитетінің мүшелігіне сайланды. Большевиктік өкіметтің жергілікті (болыстық, ауылдық, селолық) жүйесін құру ісіне қатысып, жергілікті әскери бөлімдерін жасақтап, оларды 1918 жылдың көктем және жаз айларында азық-түлікпен қамтамасыз етуге күш жұмсады.

Т. Бокин сол жылы өлкеде азамат соғысы етек алған кезде саяси күрестің құрбаны болды. Белгілі жазушы З. Шашкин көрнекті қоғам қайраткерінің өмірінен сыр шертетін «Т. Бокин» атты роман жазды. 1967 жылы Алматы қаласында оған ескерткіш орнатылды, Алматының бір көшесі, Іле ауданының бір ауылы Тоқаш Бокин есімімен аталады.



Кейкі батыр (Нұрмағамбет) Көкембайұлы (1871–1923 ж.), 1916 жылғы Торғай көтерілісінің батыры. Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Құланқыпшақ руынан шыққан. Тұрмыс тапшылығын ерте көрген Кейкі Жыланшық болысының алпауыты Р. Шашамбайұлының малын қорып, дұшпандарына аттандыратын жігіті болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерден-ақ белсене араласып, оның негізгі қарулы күші — мергендер жасағын басқарды, көтеріліс штабының, ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрды. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс — Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті. 1919 ж. 13 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі қудалауға ұшырап, Ұлытау, Қызылқұмға бой тасалауға мәжбүр болды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамады. Ақыры, 1922 жылдың көктемінде комиссар Александр Токаревті атып кеткен. Кейкіні 29 наурызда қызыл әскерлер айуандықпен өлтірді. Олар мергеннің екі қолы мен басын кесіп алып, басын бір ай бойы Торғай қаласының орталық аланына сырыққа шаншып қойды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға, ал 1926 ж. республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургке алып кеткен. Ол қазір Санкт-Петербургтегі антропологиялық қордың кунсткамерасында сақтаулы. 1996 ж. батырдың 125 жасқа толуына байланысты ас беріліп, ескерткіш орнатылды. Жазушы А. Нұрмановтың «Құланның ажалы» романындағы Құлан, Ғ. Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасындағы Кете батырлардың көркем тұлғалары осы Кейкі мерген өмірінен сомдалған.



Əліби Жангелдин (1884–1953 ж.), мемлекет қайраткері. Торғайдағы кәсіптік училищеде, Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқыған. 1903 ж. Орынбордағы діни училищені бітіріп, Қазандағы мұғалімдер семинариясында екі жыл оқыған соң, 1905 жылғы революцияға қатысты деген айыппен оқудан шығарылады. Сол жылы Мәскеудегі діни академияға оқуға түсіп, 1906 ж. «сенімсіз студент» деп танылып, академиядан қуылған. 1909–1912 ж. шет ел халықтарының тұрмыс-салтымен танысуды (кейбір деректерде діни уағыздарды насихаттауды) мақсат еткен Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Азия елдерін жаяу аралап, 1913 ж. Жапония арқылы туған жерге оралады. Ел аралап, кино аппаратпен шет ел халықтарының өмірі мен тұрмысына байланысты фильмдер көрсетіп, жергілікті халықтың саяси сауатын көтеруге ықпал етті. 1915 ж. Ресей большевиктер партиясының қатарына өтіп, Қырымда астыртын революциялық қызмет атқарды. Жангелдин Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы Торғай қазақтарының көтерілісін қолдап, Торғай қаласын қоршауға қатысты. РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің шешімімен Торғай облысының төтенше соғыс комиссары болып тағайындалды. 1918 ж. 21 наурыз — 3 сәуірде Орынборда өткен Торғай облыстық кеңестерінің 1-съезінде облыс атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Жангелдиннің ұсынысымен Торғай облысы атқару комитеті ұлт істері жөніндегі комиссариат құрылды және Ұлттар халық комиссариаты жанынан тұңғыш ұлттық бөлім ұйымдастырылды. РКФСР Халық комиссарлар кеңесі Қазақстанда ақ гвардияшыларға түпкілікті соққы беріп, Кеңес өкіметін қалпына келтіру мақсатымен қару-жарақ, азық-түлік, әскери көмек беру туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты Жангелдин Далалық өлкенің төтенше комиссары болып тағайындалды да, өлкеде алғашқы Ұлттық әскери отрядтар құрып, ақ гвардияшыларға қарсы күресті. Ресейдің орталық аудандарында арнаулы қарулы отрядтар жасақтап, бірнеше қалада Кеңес өкіметін қалпына келтірді. 1918 ж. тамыз-қазан айларында Ақтөбе майданының әскерлеріне қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлік жеткізген арнаулы отрядты басқарды. Жангелдин 1920 жылдан РКП (б) Қырғыз (қазақ) облысы комитетінің және Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің мүшесі, 1938 жылдан ҚазКСР Жоғары Кеңесінің депутаты болды. Қостанай облысының бір ауданы, Қарағанды облысында көшелерге, елді мекен мен мектептерге Жангелдин есімі берілді.



Амангелді Имановқа арналған ескерткіштер



Халық батыры туралы кітап



Амангелді Иманов атындағы шың



- 1913 жылдың өзінде А.Байтұрсынұлы: “Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды” деп жазды.
- М.Дулатұлы: “Жұрт сеңдей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды” деп жазды.
- 1916 жылғы қазандағы үндеу хатында: “Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар”, -деп жазған болатын.